

## Микрокредит беру туралы шарт

Осы микрокредит беру туралы шарт (бұдан әрі мәтін бойынша - Шарт) қосылу шарты болып табылады және «Ломбард Партнер Казахстан» ЖШС-ның (бұдан әрі Шартта және Қосылу туралы өтініште - «Ломбард») микрокредитті берудің стандартты талаптарын айқындайды. Микрокредиттің нақты шарттары Қарыз алушы қол қойған Кепіл билетінде (бұдан әрі Шартта және Қосылу туралы өтініште – «Қарыз алушы» немесе «Қарыз алушы/Кепіл беруші») айқындалады. Шарт «Микроқаржы қызметі туралы» 2012 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі - Заң) көзделген микрокредит беру туралы шарт болып табылады және Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабында көзделген тәртіппен жасалады.

### 1. Шарт жасасу

1.1. Шарт белгіленген нысандағы Кепіл билеті (бұдан әрі – Кепіл билеті) мен Шартқа қосылу туралы өтінішке (бұдан әрі – «Қосылу туралы өтініш») қағаз жүзінде қол қою арқылы Ломбард пен Қарыз алушы/Кепіл беруші арасында жасалады. Осы тармаққа сәйкес ресімделген (берілген) Кепіл билеті және қол қойылған Қосылу туралы өтініш Шарттың ажырамас бөлігі және Шарт жасасу фактісін растайтын бірыңғай құжат құжат болып табылады және бұдан әрі Шарт деп аталады.

1.2. Кепіл билетінде және Шартта қолданылатын «Шарт» ұғымы Кепіл билетінің мазмұнына да, Шарттың мазмұнына да тең дәрежеде келеді. Шартта және Кепіл билетінде «Тараптар», ал жеке-жеке «Тарап» ұғымы Ломбард пен Қарыз алушыға қолданылады.

1.3. Қарыз алушының/Кепіл берушінің Кепіл билетіндегі және Қосылу туралы өтінішіндегі қолы Қарыз алушының/Кепіл берушінің Шартты қандай да бір ескертулер мен қарсылықтарсыз толық көлемде оқығанын, түсінгенін және қабылдағанын және оған тұтастай қосылғанын куәландырады, оның талаптарымен келіседі, сондай-ақ Ломбардтың жоғары органы бекіткен Ломбардтың микрокредит беру ережесімен (бұдан әрі-Ереже), Қарыз алушының/Кепіл берушінің микрокредит бойынша өз міндеттемелерін қамтамасыз ету талаптарымен танысқанын және келісетінін білдіреді.

1.4. Егер Ломбардта Кепіл билетінің және Қарыз алушы/Кепіл беруші қол қойған Шартқа сілтемесі бар өтініштің данасы болса, Қарыз алушы/Кепіл беруші Шарттың оқылмағандығының/түсінілмегендігінің/қабылданбағандығының дәлелі ретінде Шартта өз қолының жоқтығына сілтеме жасай алмайды.

1.5. Ломбардтан алынған микрокредит (тер) бойынша Қарыз алушы/Кепіл беруші бұрын ресімделген микрокредит беру туралы шартқа және тиісті Кепіл билетіне тиісті қосымша келісім жасай отырып Шартқа тұтастай қосыла алады. Мұндай жағдайда Шартты бұрын алынған микрокредитке қолдану көрсетілген қосымша келісіммен реттелетін болады.

1.6. Осы Шарт, оған енгізілген өзгерістер және/немесе осы Шарттың өзгертілген редакциялары Интернет желісіндегі Ломбардтың ресми веб-сайтында [www.lombard-partner.kz](http://www.lombard-partner.kz) орналастырылады.

1.7. 45 (қырық бес) күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштен (бұдан әрі – АЕК) аспайтын мөлшерде Кепіл билетін жасасқан кезде Қосылу туралы өтініш (Кепіл билеті) толтырылады.

1.8. Мөлшері 50 АЕК-тен асатын Кепіл билетін жасау кезінде Қосылу туралы өтініш (Кепіл билеті) толтырылады.

## **2. Шарттың жалпы талаптары**

2.1. Ломбард жеке тұлғаға - қарыз алушыға/кепіл берушіге жеке пайдаланудағы жылжымалы мүлікті (бұдан әрі – «Кепіл заты») кепілге қою арқылы микрокредит береді. Микрокредит беру және кепіл затының талаптары Кепіл билетінде және Шартта айқындалады. Микрокредит мерзімділік, қайтарымдылық, ақылылық шарттарында, жылжымалы мүлік кепілімен беріледі.

2.2. Шарт жасалған күні, оның нөмірі, Ломбард пен Қарыз алушының/Кепіл берушінің деректері, микрокредит сомасы (микрокредиттің мәні), микрокредит бойынша артық төлеу сомасы, микрокредитті пайдалану мақсаты туралы мәліметтер (бар болса), микрокредиттің толық құны туралы ақпарат (микрокредит бойынша артық төлеу сомасы, микрокредит мәні) Кепіл билетінде көрсетіледі.

2.2.1. Микрокредит Шартқа қосылған күні, кепіл затын кепілге қабылдағаннан кейін Ломбард кассасында қолма-қол ақша беру арқылы беріледі.

2.2.2. Микрокредитті өтеу Ломбард кассасында жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

2.3. Микрокредитті өтеу мерзімі Кепіл билетімен анықталады. Микрокредитті өтеу мерзімін ұзарту заң талаптарын ескере отырып, Кепіл билетіне қосымша келісім жасасу арқылы жүргізілуі мүмкін.

2.4. Сыйақы мөлшерлемесінің жылдық пайызбен мөлшері немесе сыйақы мәні (Заңның 4-бабының 3-1-тармағында көрсетілген шарттармен микрокредит берілген жағдайда), сондай-ақ Кепіл билетін жасасу күніне Заңның 5-бабының [1-тармағына](#) сәйкес есептелген жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің (микрокредиттің нақты құнының) мөлшері Кепіл билетінде айқындалады.

2.4.1. Микрокредит беру кезінде Заңның 4-бабының 3-1-тармағында көзделген шектеулерге жататындар. Микрокредит берудің шекті сомасы, мерзімі, мөлшерлемесі, тұрақсыздық айыбы және өзге де жеке шарттары заңнамада және Заңда көзделген шектеулерге сәйкес белгіленеді.

2.4.2. Заңнамада көзделген жағдайларда Кепіл билетіне уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген нысан бойынша оның ажырамас бөлігі болып табылатын, Тараптар қол қойған микрокредитті өтеу кестесі қоса беріледі.

2.5. Микрокредитті өтеу бір жолғы немесе бөлшектеп, қолма – қол ақшамен Ломбард кассасы арқылы жүзеге асырылады. Микрокредитті толық немесе ішінара өтеу Қарыз алушыға микрокредит берілген Ломбардтың мекен-жайында жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі. Қолма-қол ақшасыз тәсіл кезінде – Кепіл билетінде көрсетілген Ломбардтың банктік деректемелері бойынша жүзеге асырылады.

2.5.1. Ломбард берешекті немесе микрокредитті өтеу бойынша төлемді жұмыс күндері қабылдайды. Егер Ломбард кассасының нақты жұмыс режимінде (кассалардың жұмыс режимін веб-сайттан білуге болады) өзгешіліктер көрсетілмесе және/немесе Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актісінде айқындалмаса (жұмыс күндерін ауыстыру туралы), сенбі, жексенбі және мереке күндерінен басқа, аптаның барлық күндері жұмыс күндері болып табылады. Шарт бойынша төлемдерді Қарыз алушы Ломбард кассаларында Нұр-Сұлтан қ. уақытымен сағат 18.00-ге дейін жүзеге асырады. Егер Шарт бойынша төлем Нұр-Сұлтан қ. уақытымен сағат 18:00-ден кейін жүзеге асырылса, мұндай төлем келесі жұмыс күні жасалды деп танылады.

2.6. Микрокредитті өтеу әдісі: Қарыз алушының таңдауы бойынша аннуитеттік немесе сараланған, не қосымша (микрокредитті өтеу мерзімінің соңында сыйақы мен негізгі борышты біржолғы төлеумен) болуы мүмкін және Кепіл билетімен айқындалады.

2.6.1. Қарыз алушы Кепіл билетіне қол қоя отырып, микрокредитті өтеудің міндетті әдістерінің нұсқаларымен және Заңға сәйкес әртүрлі әдістермен есептелген өтеу кестелерінің жобаларымен танысқанын және таңдалған әдіс Кепіл билетінде көрсетілгенін растайды.

2.7. Микрокредит бойынша берешекті өтеу кезектілігі – Қарыз алушының микрокредит бойынша міндеттемелерін орындау үшін жеткіліксіз болған кезде Қарыз алушы айқылдалған төлемнің сомасы Қарыз алушының берешегін мынадай кезектілікпен өтейді:

- 1) Ломбардтың орындауға кеткен шығындары;
- 2) тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл);
- 3) сыйақы бойынша берешек;
- 4) негізгі борыш бойынша берешек.

2.8. Негізгі борышты және сыйақыны уақтылы өтемегені үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) есептеу тәртібі және оның мөлшері: Ломбард Қарыз алушы негізгі борыштың және/немесе сыйақының сомасын қайтару жөніндегі міндеттемелерін бұзған кезде Кепіл билетінде көрсетілген мөлшерде тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) есептеуге құқылы.

2.8.1. Өсімпұлды есептеу мерзімі өткен әрбір күн үшін мерзімі өткен төлем сомасының пайыздық арақатынасында жүргізіледі. Заңның 4-бабының 3-1-тармағының талаптарымен жасалған шартты қоспағанда, микрокредитті қайтару жөніндегі міндеттемелерді уақтылы орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) шекті мөлшерлемесі мерзімі өткен тоқсан күн ішінде мерзімі өткен әрбір күн үшін мерзімі өткен төлем сомасының 0,5 пайызынан аспауға тиіс, мерзімі өткен тоқсан күн өткеннен кейін мерзімі өткен әрбір күн үшін мерзімі өткен төлем сомасының 0,03 пайызынан аспауға тиіс, бірақ Шарт қолданылатын әрбір жыл үшін берілген микрокредит сомасының он пайызынан артық емес:

2.8.2. Өсімпұл есептеу сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелер орындалған күннен кейінгі келесі күні жүргізіледі. Өсімпұл микрокредитті өтеу күнін қоса алғанда, мерзімі өткен бүкіл кезең үшін Кепіл билетінде көрсетілген мөлшерде есептеледі.

2.9. Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету: жылжымалы мүлік болып табылады. Кепіл нысанасының сипаттамасы және егжей-тегжейлі сипаттамасы Кепіл билетінде көрсетіледі.

2.9.1. Тараптар осы Шартты жасасу кезінде Кепіл затының бағалау құны (кепілдік құны) Кепіл билетінде көрсетілген соманы құрайтындығына келісті.

2.10. Қарыз алушы/Кепіл беруші Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған кезде Ломбард қабылдайтын шаралар:

2.10.1. Шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда, бірақ ол басталған күннен бастап күнтізбелік жиырма күннен кешіктірмей Ломбард Қарыз алушыны Шартта көзделген тәсілмен және мерзімде:

1) кепіл билеті бойынша міндеттемені орындау бойынша мерзімін өткізіп алу туындаған және хабарламада көрсетілген күні мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, төлемдер енгізу қажеттігі;

2) Қарыз алушының Ломбардқа жүгіну құқығы;

3) Қарыз алушының Кепіл билеті бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары жөнінде ескертеді.

Ломбард Қарыз алушыны хабардар ету үшін коллекторлық агенттікті тартуға құқылы.

2.10.2. Ломбард Қарыз алушының өтінішін алған күннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде Шарт талаптарына ұсынылған өзгерістерді уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен қарайды және жазбаша нысанда не Шартта көзделген тәсілмен Қарыз алушыға:

1) Шарт талаптарына ұсынылған өзгерістермен келіскені;

2) берешекті реттеу жөніндегі өз ұсыныстары;

3) бас тарту себептерінің уәжді негіздемесін көрсете отырып, Шарт талаптарын өзгертуден бас тарту Шарттың талаптары туралы хабарлайды.

2.10.3. Заңның 9-2-бабы 1-тармағы бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көзделген талап қанағаттандырылмаған, сондай-ақ Шарт бойынша Қарыз алушы Заңның 9-2-бабының 2-тармағында көзделген құқықтарды іске асырмаған не Қарыз алушы мен Ломбард

арасында Шарттың талаптарын өзгерту бойынша келісім болмаған жағдайларда Ломбард Заңда және Шартта көзделген шараларды:

- 1) Ережеге сәйкес Қарыз алушыға қатысты шаралар қолдану туралы мәселені қарауға.
- 2) берешекті сотқа дейін өндіріп алуға және реттеуге коллекторлық агенттікке беруге.
- 3) «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Шартта көзделген шараларды қолдануға, оның ішінде шарт бойынша борыш сомасын өндіріп алу туралы сотқа талап қоюға, сондай-ақ кепілге салынған мүліктен соттан тыс тәртіппен өндіріп алуға не сот тәртібімен жүгінуге құқылы.

2.10.4. Қарыз алушы/Кепіл беруші Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған кезде Ломбард қабылдайтын қосымша шаралар: Ломбардтың мынадай шараларды қолдануға құқығы бар (Қарыз алушы осымен өзінің сөзсіз және қайтарып алынбайтын келісімін береді):

- 1) Қарыз алушы микрокредиттің кезекті бөлігін қайтару және (немесе) сыйақы төлеу үшін белгіленген мерзімді қырық күнтізбелік күннен астам бұзған кезде микрокредит сомасын және ол бойынша сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге;
- 2) негізгі борышты, сыйақыны және тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоса алғанда, Қарыз алушының өтінішін қарау нәтижелері бойынша берешекті реттеу жөніндегі келісімге қол жеткізілмеген және Қарыз алушы берешек бойынша қарсылықтарды ұсынбаған жағдайда, Қарыз алушының/Кепіл берушінің келісімін алмай нотариустың атқарушылық жазбасы негізінде Қарыз алушының берешегін өндіріп алуға;
- 3) кепіл затын өткізуді жүзеге асыруға, сондай-ақ кепілі міндетті тіркелуге жататын мүлікті қоспағанда, кепілзат бойынша Кепіл затын ломбардтың меншігіне, микрокредитті өтеу мерзімі өткеннен кейін бір айдан кейін **сауда-саттық жүргізбестен** айналдыруға;
- 4) Міндетті тіркеуге жататын Кепіл затын өткізу микрокредитті өтеу мерзімі өткеннен кейін бір айдан ерте емес, жария сауда-саттық өткізу арқылы жүзеге асырылады. Міндетті тіркелуге жататын кепіл нысанасы сауда-саттық басталған күннен бастап күнтізбелік алпыс күн ішінде жария сауда-саттықта сатылмаған жағдайда, кепіл заты ломбардтың меншігіне өтеді.

Ломбард Кепіл затын Қарыз алушы мен Ломбардтың келісімінде айқындалған және қол қойылған Кепіл билетінде көрсетілген Кепіл затының бағасына сәйкес өз меншігіне айналдырады.

Қарыз алушы Шартқа қосылып, Кепіл билеті мен Шартқа қосылу туралы өтінішке қол қоя отырып, Қарыз алушы мен Ломбардтың келісімінде айқындалған және олар қол қойған кепіл билетінде көрсетілген кепіл нысанасының бағасына сәйкес сауда-саттық жүргізбестен, Ломбардтың кепіл затын соттан тыс тәртіппен меншігіне айналдыруына өзінің келісімін білдіреді.

Кепіл затын сатуға, сондай-ақ мұндай мүліктің шарт бойынша Ломбардтың меншігіне өтуіне Ломбард заңда белгіленген тәртіппен берешекті реттеу жөніндегі Қарыз алушының өтінішін қараған кезеңде жол берілмейді.

2.10.5. Ломбард кепіл затының сақталуын қамтамасыз етуге, өз мүдделерін қорғауға және Ломбард шеккен залалдың орнын толтыруға бағытталған Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де шараларды қабылдауға құқылы.

2.11. Шарттың қолданылу мерзімі-шарт Қарыз алушы/кепіл беруші міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылады.

Қарыз алушы міндеттемелерді орындамаған жағдайда Кепіл билеті Кепіл затын сатуға немесе мұндай мүліктің Ломбардтың меншігіне өтуіне байланысты тоқтатылады.

2.12. Ломбардтың пошталық мекенжайы: Шымкент қаласы, Абай ауданы, Б. Момышұлы даңғылы, 25/2 ғим.

2.13. Ломбардтың электрондық мекенжайы: [Lombard\\_partner@inbox.ru](mailto:Lombard_partner@inbox.ru)

2.14. Ломбардтың ресми интернет-ресурсы: [www.lombard-partner.kz](http://www.lombard-partner.kz)

2.15. Ломбард Шарт бойынша құқықты (талап етуді) үшінші тұлғаға берген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында Ломбардтың Шарт шеңберіндегі Қарыз алушымен өзара қатынастарына қойылатын талаптар мен шектеулер құқық (талап ету) берілген үшінші тұлғамен Қарыз алушының құқықтық қатынастарына қолданылады.

### **3. Қарыз алушының құқықтары:**

- 3.1. шағын несие беру Ережесімен, Ломбардтың шағын несие беру тарифтерімен танысу;
- 3.2. алынған микрокредитке Шартта белгіленген тәртіппен және талаптарда билік ету;
- 3.3. егер негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түскен жағдайда, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемей, негізгі борышты және (немесе) сыйақыны одан кейінгі жұмыс күні төлеуді жүргізу;
- 3.4. Ломбардқа Шарт бойынша берілген микрокредит сомасын тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемей, мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтару;
- 3.5. Шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Ломбардқа бару және (немесе) жазбаша нысанда не Шартта көзделген тәсілмен Шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алудың туындау себептері, кірістері және Қарыз алушының;
  - сыйақы ставкасын не Шарт бойынша сыйақы мәнін азайту жағына қарай өзгертуге;
  - негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыруға;
  - берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеу кезектілігін, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып өзгертуге;
  - микрокредит мерзімін өзгертуге;
  - мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіру, микрокредит бойынша тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) күшін жоюға;
  - ұйымға кепілге салынған мүлікті беру жолымен шарт бойынша міндеттемені орындаудың орнына бас тарту ұсынуға байланысты Шарт талаптарына өзге де расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәлімдемесін қамтитын өтінішті табыс ету.
- 3.6. Ломбардтың шешімі алынған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде Қарыз алушының/Кепіл берушінің Шарттың талаптарына айқындалған өзгерістерді қарау нәтижелері бойынша немесе Шарттың талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген кезде Ломбардқа бір мезгілде хабарлай отырып, уәкілетті органға жүгіну;
- 3.7. Ломбард Қарыз алушымен жасалған Шарт бойынша құқықты (талап етуді) басқаға берген жағдайда, Заңның 9-1-бабының 4 және 5-тармақтарында көрсетілген тұлғамен келіспеушіліктерді реттеу үшін банк омбудсманына жүгіну;
- 3.8. көрсетілетін қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Ломбардқа жазбаша түрде жүгіну;
- 3.9. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өз құқықтарын қорғау;
- 3.10. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.
- 3.11. Қарыз алушы:
  - 3.11.1. Алынған микрокредитті қайтаруға және Шартта белгіленген мерзімде және тәртіппен сыйақы, тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) төлеуге.
  - 3.11.2. Заңға және Ережеге сәйкес Ломбард сұраған құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға.
  - 3.11.3. 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Ломбардқа жазбаша:
    - Шарт бойынша міндеттемелерді орындауды бұзуға әкеп соғуы мүмкін барлық мән-жайлар туралы;
    - қарыз алушының жеке басын куәландыратын құжаттарға өзгерістер енгізу туралы; - тұрғылықты жері мен ұялы телефонының өзгеруі туралы хабарлауға міндетті.
  - 3.11.4. Қарыз алушының пайдалануында Кепіл затының болуын көздейтін микрокредиттер бойынша Қарыз алушы Кепіл затының жоғалғаны, жетіспегені немесе

бүлінгені үшін жауап береді, сондай-ақ жоғалған немесе бүлінген кепіл затын тең бағалы мүлікке ауыстыру қажеттілігі туралы жоғалған не бүлінген кезден бастап күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жауаптылықта болады және/немесе қажет болған жағдайда осы мерзімде қосымша қамтамасыз етуді ұсынады.

#### **4. Ломбардтың құқықтары:**

4.1. Шарттың талаптарын Қарыз алушы үшін оларды жақсарту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгерту;

4.2. Қарыз алушы микрокредиттің кезекті бөлігін қайтару және (немесе) сыйақы төлеу үшін белгіленген мерзімді қырық күнтізбелік күннен астам бұзған кезде микрокредит сомасын және ол бойынша сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруды талап ету;

4.3. негізгі борышты, сыйақыны және тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоса алғанда, Қарыз алушының өтінішін қарау нәтижелері бойынша берешекті реттеу жөніндегі келісімге қол жеткізілмеген және Қарыз алушы берешек бойынша қарсылықтарды ұсынбаған жағдайда, Қарыз алушының/Кепіл берушінің келісімін алмай нотариустың атқарушылық жазбасы негізінде Қарыз алушының берешегін өндіріп алу;

4.4. Қарыз алушы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау бойынша мерзімін өткізіп алуға жол берген кезде берешекті коллекторлық агенттіктің сотқа дейінгі өндіріп алуға және реттеуге беруіне, оған Қарыз алушы өзінің сөзсіз және қайтарып алынбайтын келісімін береді;

4.5. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасында және Ломбардтың ішкі бақылау қағидаларында көзделген жағдайларда ақшамен және (немесе) мүлікпен операциялар жүргізуден, сондай-ақ Қарыз алушымен/Кепіл берушімен Іскерлік қатынастар орнатудан бас тартуға және (немесе) іскерлік қатынастарды тоқтатуға, бұл Ломбардтың Қарыз алушы/Кепіл беруші алдындағы өз міндеттемелерін орындамауы болып табылмайды және Қарыз алушы алдында қандай да бір азаматтық-құқықтық жауаптылыққа әкеп соқпайды.

4.6. Қарыз алушының дербес деректерін жинауды және өңдеуді қағаз және электрондық тасығыштарда орындау;

4.7. Заңда белгіленген шектеулер мен тәртіпті сақтай отырып, Қарыз алушының келісімінсіз шарт бойынша құқық (талап ету) беру;

4.8. Қарыз алушы шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алуға жол берген кезде берешекті сотқа дейін өндіріп алуға және реттеуге беру үшін коллекторлық агенттікті тарту;

4.9. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

#### **5. Ломбардтың міндеттері:**

5.1. Ломбардқа тиесілі микрокредит бойынша негізгі борыш пен сыйақы сомасын толық өтегеннен кейін Қарыз алушыға/Кепіл берушіге Кепіл затын қайтару (кепіл нысанасы қарыз алушының өзге өтелмеген микрокредит бойынша міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету болып табылатын жағдайларды қоспағанда);

5.2. осы Шарт бойынша Ломбард құқығының (талап ету) үшінші тұлғаға өту талаптары (бұдан әрі – «талап ету құқығын басқаға беру шарты») бар Шарт жасасу кезінде Қарыз алушыны/Кепіл берушіні (немесе оның уәкілетті өкілін):

5.2.1. талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалғанға дейін құқықтардың (талаптардың) үшінші тұлғаға өту мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осындай басқаға беруге байланысты Қарыз алушының /Кепіл берушінің дербес деректерін Шартта көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен өңдеу туралы;

5.2.2. талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде қарыз алушыны (немесе оның уәкілетті өкілін) банктік қарызды өтеу жөніндегі

бұдан былайғы төлемдердің үшінші тұлғаға (банктік қарыз шарты бойынша құқық (талап ету) өткен тұлғаның атауы және тұрған жері) тағайындалатынын, берілген құқықтардың (талап етулердің) толық көлемін, сондай-ақ негізгі борыштың, сыйақының, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мерзімі өткен және төленуге жататын басқа да сомалардың қалдықтарын көрсете отырып, құқықтың (талап етудің) үшінші тұлғаға өткені туралы Шартта көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен хабардар ету;

5.3. Қарыз алушыны Шартта көзделген тәсілмен және мерзімдерде, бірақ мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік жиырма күннен кешіктірмей:

Шарт бойынша міндеттемені орындау бойынша мерзімін өткізіп алу туындаған және хабарламада көрсетілген күні мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, төлемдер енгізу қажеттігі;

Шарт бойынша Қарыз алушының/Кепіл берушінің Ломбардқа жүгіну құқығы;

Қарыз алушының Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары туралы хабардар ету.

Бұл ретте, егер хабарлама Қарыз алушыға/Кепіл берушіге Шартта көзделген мынадай тәсілдердің бірімен:

Шартта көрсетілген электрондық пошта мекенжайына;

Шартта көрсетілген тұрғылықты жері бойынша оның табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен жіберілген болса, оның ішінде көрсетілген мекенжайда тұратын отбасының кәмелетке толған мүшелерінің бірі алған болса;

жеткізуді тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып жіберілсе, ол жеткізілген болып есептеледі.

5.4. Қарыз алушының/Кепіл берушінің өтініші алынған күннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде Шарттың талаптарына ұсынылған өзгерістерді қарау және Қарыз алушыға/Кепіл берушіге жазбаша нысанда:

Шарт талаптарына ұсынылған өзгерістермен келіскені;

берешекті реттеу жөніндегі өз ұсыныстары;

бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін көрсете отырып, Шарт талаптарын өзгертуден бас тарту туралы Шартта көзделген тәсілмен хабарлау;

5.5. Ломбард Шартта көзделген тәртіппен жақсарту талаптарын қолданған кезде Шарт талаптарының өзгергені туралы Қарыз алушыны/Кепіл берушіні хабардар ету;

5.6. тараптар қол қойған микрокредитті өтеу кестесін Шартқа қоса беру.

Қарыз алушының ақшалай міндеттемелері сомасының (мөлшерінің) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне әкеп соғатын микрокредит талаптары өзгерген кезде Ломбард жаңа шарттарды ескере отырып, Қарыз алушыға микрокредитті өтеудің жаңа кестесін жасайды және береді.

Егер микрокредитті өтеу микрокредит мерзімінің соңында біржолғы төлеммен жүзеге асырылған болса, осы тармақшаның талаптары Заңның 4-бабының 3-1-тармағында көрсетілген шартқа қолданылмайды.

5.7. Қазақстан Республикасының заңнамасында және шартта көзделген өзге де міндеттерді орындау.

## **6. Ломбард үшін шектеулер:**

6.1. сыйақы ставкасын (оларды төмендету жағдайларын қоспағанда) және (немесе) микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісін біржақты тәртіппен өзгерту;

6.2. микрокредит бойынша сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоспағанда, Қарыз алушыдан кез келген төлемдерді белгілеу және өндіріп алу;

6.3. Ломбардқа микрокредит сомасын, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) және микрокредитті мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін басқа да төлемдерді мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтарған Қарыз алушыдан талап ету.

6.4. Шарт бойынша микрокредит сомасын ұлғайту;

- 6.5. егер негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түскен жағдайда тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алу және сыйақыны және (немесе) негізгі борышты төлеу одан кейінгі жұмыс күні жүргізіледі;
- 6.6. кез келген валюталық баламаға байланыстыра отырып, теңгемен берілген Шарт бойынша міндеттемелер мен төлемдерді индекстеу;
- 6.7. кепілге қойылған заттарды пайдалану және билік ету.

## **7. Міндеттемелерді бұзғаны үшін Шарт тараптарының жауапкершілігі:**

7.1. Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзғаны үшін Тараптар Шартқа және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

7.2. Қарыз алушы Шарт жасасу үшін қажетті ұсынылған мәліметтер мен құжаттардың дұрыстығы мен түпнұсқалығы үшін толық жауапты болады.

7.3. Осы Шарт бойынша Тараптардың келіспеушіліктері мен даулары келіссөздер жолымен шешіледі.

Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Шарт бойынша барлық даулар Ломбард орналасқан жердегі сотта Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының құқығын қолдана отырып шешіледі.

## **8. Шарт талаптарына өзгерістер енгізу тәртібі:**

8.1. Кепіл билетіне барлық толықтыруларды және/немесе өзгерістерді Тараптар жазбаша түрде жасайды және оған қосымша келісімдермен ресімделеді, оларға Ломбард бір жақты тәртіппен өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы болған кезде, Қарыз алушы үшін оларды жақсарту жағдайларын қоспағанда, Тараптар қол қояды.

8.2. Шартқа өзгерістер мен толықтыруларды Ломбард Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін бөлігінде және/немесе заңнаманың өзгеруіне байланысты өз қалауы бойынша бір жақты тәртіппен жүзеге асырады және Ломбардтың Интернет желісінде ресми веб-сайтында: [www.lombard-partner.kz](http://www.lombard-partner.kz) орналастыру және осы күннен бастап жасалған Кепіл билеттеріне қолданылады.

8.3. Шарттың қолданылу мерзімін өзгерту - жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде ломбардтың кез келген кассасында жүзеге асырылуы мүмкін.

## **9. Микрокредитті өтеу тәртібі:**

9.1. Микрокредитті толық өтеу, оның ішінде микрокредитті мерзімінен бұрын толық өтеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде Қарыз алушыға/Кепіл берушіге микрокредит берілген Ломбардтың кассасы арқылы қолма-қол ақшамен жүргізіледі. Микрокредитті толық өтеу Қарыз алушы / Кепіл беруші микрокредитті толық өтеу күніне Ломбардқа тиесілі сыйақыны толық төлеген жағдайда жүзеге асырылады.

9.2. Микрокредитті ішінара өтеу (негізгі борыш сомасын азайту), оның ішінде микрокредитті мерзімінен бұрын ішінара өтеу мынадай тәсілдердің бірімен:

9.2.1. жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде Ломбардтың кассасы арқылы қолма-қол ақшамен жүргізілуі мүмкін (комиссия алынбайды);

9.3. Микрокредитті ішінара өтеу Қарыз алушы/Кепіл беруші микрокредитті ішінара өтеуді жүргізу күніне Ломбардқа тиесілі сыйақыны толық төлеген жағдайда жүзеге асырылады. Егер Ломбардқа кепілге екі және одан да көп кепіл бұйымдары берілсе, онда ішінара өтеу сомасы кепіл бұйымдары арасында Шартта көрсетілген кепіл затын бағалауға бара-бар бөлінеді.

9.4. Микрокредит бойынша ішінара сатып алу (бір немесе бірнеше кепіл бұйымдарын сатып алу арқылы негізгі борыш сомасын азайту), оның ішінде мерзімінен бұрын ішінара сатып алу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде Қарыз алушыға/Кепіл берушіге микрокредит берілген Ломбардтың кассасы арқылы қолма-қол ақшамен жүргізіледі. Егер Қарыз алушы/Кепіл беруші бір Шарт бойынша екі және одан да көп кепіл бұйымын кепілге берсе, ішінара сатып алуға жол беріледі. Микрокредитті ішінара

өтеу Қарыз алушы/Кепіл беруші микрокредитті ішінара өтеуді жүргізу күніне Ломбардқа тиесілі сыйақыны толық төлеген жағдайда жүзеге асырылады. Ішінара сатып алған кезде Қарыз алушы/Кепіл беруші сатып алынатын кепіл бұйымының кепіліне берілген негізгі борыш сомасын өтейді.

9.5. Сыйақыны Қарыз алушы/Кепіл беруші микрокредитті пайдаланудың бүкіл кезеңі үшін төлейді. Сыйақыны есептеу мерзімін есептеу Қарыз алушыға микрокредит берілген күннен кейінгі күннен басталады.

Сыйақы шартты базадан жылына 365 күн есептеледі.

## **10. Ерекше талаптар:**

10.1. Республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 50 (елу еселенген) мөлшерінен аспайтын мөлшерде 45 (қырық бес) күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге жасалған микрокредиттер бойынша мынадай шарттар қосымша сақталады:

- 1) Шарт бойынша сыйақы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген шекті мәннен аспайды;
- 2) Шарт бойынша микрокредит сомасын қайтару және/немесе сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшері мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасының 0,5 (нөл бүтін оннан бес) пайызынан аспайды;
- 3) микрокредит нысанасын қоспағанда, Шартта көзделген сыйақы және тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) қоса алғанда, Шарт бойынша Қарыз алушының барлық төлемдері жиынтығында Шарттың бүкіл қолданылу кезеңі үшін берілген микрокредит сомасынан аспайды;
- 4) Шарт микрокредит сомасын ұлғайтуға тыйым салуды қамтиды;
- 5) Тараптардың келісімі бойынша Шарттың қолданылу мерзімі қолданыстағы немесе жақсартатын жағдайларда ұзартылуы мүмкін.

## **11. Құпиялылық:**

11.1. Осы Шартпен Қарыз алушы Ломбардқа:

- Заңда көзделген тәртіппен және шарттарда Ломбардтың таңдауы бойынша кредиттік бюроларға, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органдарға Қарыз алушының микрокредиті туралы ақпаратты беру құқығын;
- Кез келген іс-әрекеттерді, операцияларды (олардың жиынтығын) жасауға және өзінің дербес деректерін өңдеуге, оның ішінде: жинау, өңдеу, жазу, жүйелеу, жинақтау, сақтау, нақтылау (жаңарту, өзгерту) алу, пайдалану, беру (тарату, ұсыну, қол жеткізу) және т. б. келісім;
- Өз e-mail-ге, телефонына және басқа да ұсынылған байланыстарға ақпараттық және жарнамалық хабарламаларды алуға келісім береді.

## **12. Хат-хабар және хабарлама:**

12.1. Тараптар Шартты орындауға байланысты хат-хабарды, сондай-ақ Шартты жасасуға, түсіндіруге, орындауға байланысты немесе Шарт бойынша немесе кез келген басқа мәселе бойынша құқықтар мен міндеттерге қатысты дау немесе келіспеушілік туындаған жағдайда барлық сотқа дейінгі және сот хат-хабарын мүдделі Тарап екінші Тараптың Кепіл билетінде көрсетілген мекенжайға және/немесе байланыс деректеріне жібереді деп келісті.

12.2. Ломбардтан Қарыз алушыға хабарламалар тиісті тәсілмен ресімделген және егер оларды Ломбард қарыз алушыға мынадай тәсілдердің бірімен, оның ішінде жедел байланыс құралдарын пайдалана отырып:

- Шартта көрсетілген электрондық пошта мекенжайына;

- Шартта көрсетілген тұрғылықты жері бойынша оның табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен жіберілген болса, оның ішінде көрсетілген мекенжай бойынша тұратын отбасының кәмелетке толған мүшелерінің бірі алған болса;

- жеткізуді тіркеуді қамтамасыз ететін басқа байланыс құралдарын қолдану арқылы жіберсе, Қарыз алушы алған болып есептеледі.

12.3. Қарыз алушы Шартта көрсетілген ұялы телефон нөмірі дұрыс және жарамды екенін растайды және осы нөмірге:

- Ломбардтың кез келген хабарламаларын СМС-хабарламалар арқылы алуға және СМС-хабарлама арқылы хабарлама Қарыз алушының тиісті хабарлау болып табылатынымен;

- Ломбардтан жарнамалық сипаттағы ақпараттық СМС-хабарламаларды алуға келісім береді.

12.4. Қарыз алушы Ломбард кассасына жүгінген кезде телефон нөмірін өзгерткен жағдайда, Ломбард Қарыз алушы көрсеткен жаңа нөмірді дұрыс және жарамды деп санауға құқылы.

12.5. Ломбард СМС-хабарламалар жіберген кезде кез келген телефон желілерінің, операторлардың немесе қызметтердің кез келген техникалық іркілістері немесе өзге де проблемалары үшін, Қарыз алушы/Кепіл беруші ұсынған ұялы телефон нөмірінің дұрыс еместігі немесе жарамсыздығы үшін, сондай-ақ Қарыз алушы/Кепіл беруші нөмірінің өзгеруі туралы уақтылы алынбаған ақпарат үшін жауапты болмайды.

12.6. Қарыз алушы/Кепіл беруші Шартқа қосылу туралы растаманы қамтитын тиісті қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа қосылған сәттен бастап, Шарт және микрокредиттер берудің жаңа қағидалары күшіне енген күнге дейін берілген Кепіл билетіне қатысты оның талаптарымен және шартқа қосылған күні қолданыста болатын микрокредиттер беру қағидаларымен тұтастай келісуі, бұрын қолданыста болған микрокредиттер беру қағидаларының талаптары өз қолданысын тоқтатады.

12.7. Ломбард пен Қарыз алушының Шартта реттелмеген қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

### **13. Қорытынды ережелер**

13.1. Қарыз алушы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 380-бабында белгіленген Шарт бостандығы қағидатын назарға ала отырып, Қарыз алушы осы Шартты жасамауға және ол ескертілген басқа компанияларға микрокредит алу үшін жүгінуге құқылы екенін түсінеді және Шартқа қол қою арқылы осы Шарттың талаптарын түсінетінін және келісетінін растайды.

13.2. Қарыз алушы Кепіл затының өзіне меншік құқығымен тиесілі екендігіне, сондай-ақ осы мүліктің ұрланбағанына және іздестірілмегеніне. Бұдан басқа, кепіл заты зергерлік бұйымдар болған кезде пломбалар, атаулы есімдер, таңбалар, биркалар; көлік кепілі кезінде VIN – код, нөмірлік агрегаттар (шанақ, шасси, рама) және басқа да құжаттар қолдан жасалмаған, Кепіл заты бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша айыппұлдар, кедендік, салықтық және басқа да міндетті төлемдер (алымдар) толық төленгеніне кепілдік береді және жауапты болады.

13.3. Кепіл затын ҚР заңнамасына сәйкес алып қойған жағдайда, Қарыз алушы тең бағалы мүлікті алып қойылған сәттен бастап күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмейтін мерзімде беруге және/немесе қажет болған жағдайда осы мерзімде қосымша қамтамасыз етуді ұсынуға міндетті.

13.4. Кепіл билетіне қол қою арқылы Қарыз алушы микрокредит беру қағидаларымен және тарифтік бағдарламалармен танысқанын, сондай-ақ микрокредит алғанға дейін оның алуға және қызмет көрсетуге байланысты шығындары, сондай-ақ өзінің құқықтары мен міндеттері туралы хабардар етілгенін растайды.

13.5. Шартқа кез келген келісімдер мен қосымшалар оның ажырамас бөлігін құрайды.

13.6. Кепіл билеті бірдей заңды күші бар екі данада, Тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан жасалды. Уәкілетті органда кепілді міндетті тіркеуді көздейтін микрокредиттер бойынша үш данада жасалады, онда үшінші данасы тіркеуші орган үшін жасалады.

13.7. Мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндерде алшақтық болған жағдайда Шарттың орыс тіліндегі мәтіні басымдыққа ие болады.

13.8. Шарттың қандай да бір талабының жарамсыздығы оның басқа талаптарының жарамсыздығына әкеп соқпайды.

13.9. Шарт мына мекенжай бойынша Ломбардтың Интернет желісіндегі ресми: [www.lombard-partner.kz](http://www.lombard-partner.kz) веб-сайтында орналастырылуы тиіс және орналастыру күнінен бастап күшіне енеді.

#### **14. Тараптардың деректемелері және қолдары**

14.1 Тараптардың деректемелері мен қолдары Кепіл билетінде көрсетіледі

## Договор о предоставлении микрокредита

Настоящий Договор о предоставлении микрокредита (далее по тексту - Договор) является договором присоединения и определяет стандартные условия предоставления микрокредита ТОО «Ломбарда Партнер Казахстан» (далее в Договоре и Заявлении о присоединении – «Ломбард»). Конкретные условия микрокредита определяются в подписанном заемщиком (далее в Договоре и Заявлении о присоединении – «Заемщик» или «Заемщик/Залогодатель») Залоговом билете. Договор является договором о предоставлении микрокредита, предусмотренным Законом Республики Казахстан от 26 ноября 2012 года «О микрофинансовой деятельности» (далее Закон) и заключается в порядке, предусмотренном статьей 389 Гражданского кодекса Республики Казахстан.

### 1. Заключение Договора

1.1. Договор заключается между Ломбардом и Заемщиком/Залогодателем путем подписания Заемщиком/Залогодателем на бумажном носителе Залогового билета установленной формы (далее – Залоговый билет) и заявления о присоединении к Договору (далее – «Заявление о присоединении»). Оформленный (выданный) в соответствии с настоящим пунктом Залоговый билет и подписанное Заявление о присоединении являются неотъемлемой частью Договора и документами, подтверждающими факт заключения Договора и составляют единый документ и далее совместно именуется Договором.

1.2. Понятие «Договор» применяемое в Залоговом билете и в Договоре, относится как к содержанию Залогового билета, так и в равной степени к содержанию Договора. В Договоре и Залоговом билете понятие «Стороны», а по отдельности «Сторона» применяются к Ломбарду и Заемщику.

1.3. Подпись Заемщика/Залогодателя на Залоговом билете и Заявлении о присоединении свидетельствует о том, что Заемщик/Залогодатель прочитал, понял и принял Договор в полном объеме, без каких-либо замечаний и возражений, и присоединился к нему в целом, он согласен с его условиями, а также ознакомлен и согласен с Правилами предоставления микрокредита Ломбарда, утвержденными высшим органом Ломбарда (далее Правила), условиями обеспечения Заемщиком/Залогодателем своих обязательств по микрокредиту.

